

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 164 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 4 маусымдағы № 91 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабының 1-тармағына және 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 8 желтоқсандағы "**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасы бойынша биметалды жылыту радиаторларының сыныптамасы туралы**" № 164 шешімінің 1-тармағына мынадай өзгерістер енгізілсін:

"қорытпасымен" деген сөзден кейін "құйылып" деген сөзбен толықтырылсын;

"Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің 1-негізгі ережесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 7616 тауар позициясында сыныпталады" деген сөздер "сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1 және 6-негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 7616 99 100 2 кіші қосалқы позициясында сыныпталады" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян